

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№7 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.03.2024ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Хакан Кылавуз.

Күн тәртібі:

1. ББ тізілімдемесіне тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету.
2. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру.
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев сөз алды. Қайырлы күн құрметті АК мүшелері. Наурыз айында ББ тізілімдемесіне тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету жоспарланған. Алайда 2023-2024 оқу жылында ББ тізілімдемесіне ешқандай жаңа білім беру бағдарламасы тіркелмегеніне тоқталып, өткен жылғы жағартылған білім беру бағдарламаларын аудит жасау барысында келесі оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз қалатыны жайлы шешім қабылданғанын білдірді. Өйткені сараптама нәтижесі бойынша жоғары бағаланған және оқу тәжірибесінде сыналған бағдарламалардың мазмұны қазірше толықтырулар мен өзгерістерді қажет етпейтіндігі сараланды.

Сонымен қатар АК төрағасы Е.Жиенбаев күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғап, жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырудың

білімгерлердің тәжірибесін шындап, түлектердің жұмысқа орналасуы тұрғысынан маңызды екеніне тоқталды. Күн тәртібіндегі екінші мәселеге қатысты ұсыныстарын тыңдау үшін АҚ мүшелері мен жұмыс беруші өкілдеріне сөз кезегін берді.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова: 28 наурыз 2024 күні Филология факультеті 101-аудиторияда жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылған болатын. Келелі жиынға қатысқан оқытушылар, жұмыс берушілер, білімгерлер «Білікті мамандану мен жұмысқа орналасу» тақырыбында әңгімелесті. Бұл жиынның соңғы курс білімгерлеріміз бен жұмыс берушілер үшін аса маңызды екені белгілі. Жиын барысында тақырыпқа қатысты жетістіктер мен мәселелер кеңінен талқыланды.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов: Аударма орталығының жұмыстары жыл сайын жанданып келеді. Оқу ордамызда төрт тілді еркін меңгерген білімгерлер аз емес. Осы орайда филология саласында өз саласы бойынша маманданған аудармашылардың орны бөлек. Заманауи инновацияны жан-жақты меңгерген білікті филологтар мен аудармашыларға сұраныс әрқашан болады. Түркістанның туристік әлеуетінің артуы, оқу ордамыздың әлемдік рейтинг жүйесінде алдыңғы қатардан көрінуі және білімгерлеріміздің өз саласының білікті мамандары атанып абыроймен жұмыс атқаруы т.б. жетістіктер түлектеріміздің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыра түсері сөзсіз. Алдағы уақытта тіл мен әдебиет бағыты бойынша ғылыми ізденушілер мен аудармашы тіл мамандарына сұраныс арта түседі.

Жұмыс берушілермен ұйымдастырылған кездесу соңында қатысушылар жұмыс берушілермен жақын танысып, жұмысқа орналысу шарттарын сөйлесіп, көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

Шешім: Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Е.Б. Жиенбаев

Хатшысы:



С.А. Қонысова